

8D023 – Тілдер және әдебиет: «8D02310 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Пансат Жансая Мусилхановнаның «Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени сипаты» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/с №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы), Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы) сонымен қатар «Мәдени мұра» «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясына сәйкес келеді. Сан қатпарлы түркі тарихының терең сырын білдіретін «көк» лексемасы ғасырлар қойнауынан ортамызға үзілмей жетті. «Көк» сөзінің лексика-семантикалық, концептілік, диахроникалық өрісі түркілік кезеңнен бастау алатыны белгілі. «Көк» сөзі түркілік кезеңнен бері қаншама тарихи дамудан өтіп, бүгінгі қазақ тілінде семантикалық жағынан да, мәдени-

		танымдық тұрғыдан да кеңейген мағыналарға ие болды. Қазіргі қазақ тілінде «көк» ұғымы тек негізгі түс атауын ғана білдірмей, аспан, тылсым күш, биіктік, тазалық, киелілік, шексіздік сияқты ұғымдармен де ассоциацияланады. Сонымен қатар, «көк» лексемасы тұрақты тіркестер мен фразеологизмдер құрамында да ерекше рөл береді. Бүгінгі таңда саяси-әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар жүйесінде әлеуеті артып отырған тіл білімі үшін «көк» сөзін түркі дүниесінің рухани-мәдени мұрасы ретінде зерделеудің маңызы айрықша. Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени сипатын қазіргі ғылыми-теориялық жетістіктер негізінде кешенді түрде зерттеп-зерделеу, сондай-ақ осының негізінде концептуалдық талдау өрісін кеңейту – бүгінгі күннің өзекті ғылыми мәселелерінің бірі.
	1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі	Диссертация «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы» бағытына сәйкес келеді.

		жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыстың ғылымға қосар үлесі елеулі екені анық. Еңбектің теориялық маңызы зор. Зерттеу нәтижелері түркі тіл біліміндегі концептология, лингвомәдениеттану, тарихи семантика, когнитивтік лингвистика мәселелерінің бірқатар маңызды тұстарын толықтыруға мүмкіндік береді. Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени сипатын айқындау, оның түркілік дүниетанымдағы тарихи-мәдени, мифологиялық, символдық мазмұнын ашу – қазіргі тіл біліміндегі өзекті бағыттардың бірі. Зерттеуде «көк» лексемасының тарихи даму жолын, семантикалық өрісінің кеңеюін, мәдени-концептуалдық маңызын анықтау – қазақ тілінің көркемдік, тарихи және дүниетанымдық жүйесін терең тануға мүмкіндік беретін ғылыми жетістік. Жұмыстың нәтижелері түркі тілдерінің тарихи лексикологиясы, этнолингвистикасы, лингвомәдениеттануы, концептологиясы бойынша жүргізілетін зерттеулерді толықтыруға, сондай-ақ «көк» концептісіне қатысты деректерді түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігіне, түсіндірме сөздіктерге, тарихи және этимологиялық сөздіктерге енгізуде бағалы дереккөз ретінде қолдануға болады.

		Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы да зор. Зерттеу материалдары жоғары оқу орындарында «Тарихи лексикология», «Лингвомәдениеттану», «Когнитивтік лингвистика», «Этнолингвистика» пәндеріне арналған дәрістер мен арнайы курстарда пайдалануға, сондай-ақ оқу құралдары мен ғылыми жобалар әзірлеуде тиімді түрде қолдануға мүмкіндік береді.
3.	Өзі жазу принципі	Диссертацияның жазылу деңгейі жоғары. Еңбек ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сай. Диссертацияда пайдаланылған материалдар нақты тілдік деректермен дәйектелген. Диссертанттың ғылыми ойды өз бетінше жүйелеуі, мысалмен дәлелдеуі дәйекті, тұжырымдары айқын. Зерттеу барысында нақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген және олардың арасында тығыз логикалық байланыс бар. Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған
4.	Ішкі бірлік принципі	Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени сипатын зерттеу – қазіргі тіл біліміндегі антропоцентрлік парадигманың талаптарына толық сәйкес келетін өзекті ғылыми бағыттардың бірі. «Көк» лексемасы түркі дүниетанымында көне кезеңнен бастап сакралды, мифологиялық, символдық, концептуалдық мәнге ие болып, халықтың рухани мәдениеті мен ұлттық болмысын айқындайтын маңызды мәдени таңба ретінде қалыптасты. Сондықтан бұл концептіні тілдік, тарихи, мәдени контексттерде кешенді түрде қарастыру – қазақ этномәдени жүйесін, ұлттық ойлау ерекшелігін және танымдық модельдерін тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді. 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u>; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.

		Диссертациялық жұмыста «көк» концептісінің тарихи дамуы, семантикалық өрісінің кеңеюі, мифопоэтикалық және лингвомәдени мазмұны мәтіндердегі көрінісі арқылы анықталып, қазіргі қазақ тіліндегі концептуалдық жүйемен байланысы дәлелді негізделген. «Көк» концептісінің табиғатын тарихи-лингвистикалық және мәдени-танымдық тұрғыдан зерттеу – оның қазіргі тілдегі мағыналық қызметін түсіну үшін аса маңызды. Өйткені тілдің бүгіні мен болмысын толық тану үшін оның ғасырлар бойғы қалыптасу жолын, табиғи дамуы мен өзгеру заңдылықтарын анықтау қажет. Жұмыста жасалған тұжырымдар мен нәтижелер өзара үйлесімді, бір-бірімен сабақтас және мазмұндық-логикалық тұрғыдан тұтастық сақталған. Диссертацияның құрылымы, ғылыми аппараты және мазмұндық жүйесі зерттеу тақырыбының өзектілігіне сай қалыптастырылған. Зерттеу жұмысы осы деңгейдегі ғылыми диссертацияларға қойылатын талаптарға толық жауап береді.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны оның тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу жұмысының бөлімдері бір-бірімен ғылыми-логикалық тұрғыда сабақтас байланысқан. Диссертацияның құрылымы анықтамалар тізімінен, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді;	Диссертациялық жұмыстың мақсаты және міндеттері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеу қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лексика-семантикалық, когнитивтік және прагматикалық ерекшеліктерін, тарихи және мәдени мәнін, концептуалдық

		3) сәйкес келмейді	мазмұны зерттеп, оның ұлттық дүниетанымдағы орны мен мәдени код ретіндегі маңызын айқындауды мақсат еткен. Диссертациялық жұмыста нақты міндеттер көзделген: - Концепт ұғымының лингвистикалық аспектілері мен оның тіл мен мәдениет арасындағы байланысы, сонымен қатар түр-түс концептісінің лингвомәдени феномен ретіндегі маңызы мен зерттеу бағыттарын қарастыру; - «Көк» сөзінің семантикалық трансформациясын талдау арқылы оның мәдени контекстегі рөлін анықтау, сонымен қатар мағыналық, мәдени, символдық қырларын тілдік тұрғыдан жан-жақты зерттеу; - «Көк» концептісінің географиялық және мәдени кеңістіктегі семантикалық жүйесін тарихи даму үдерісімен байланыстыра отырып зерделеу; - «Көк» концептісінің тарихи, мәдени және этимологиялық бастауын анықтау. Бұл ретте көне деректер мен түркі тілдеріндегі баламалары арқылы «көк» сөзінің шығу тегі мен мағыналық дамуын зерделеу, «көк» сөзінің семантикалық және ассоциациялық өрісін айқындау; - Поэтикалық дискурс контекстінде «көк» сөзінің репрезентациялық қызметін айқындай отырып, оның көркем мәтіндегі концептуалдық мәніне талдау жасау. «Көк» концептісінің ұлттық дүниетанымдағы орны, поэзиядағы семантикалық өрісі, метафоралық, бейнелік және символдық қолданыстарын қарастыру; - Ономастикалық кеңістікте «көк» түсінің қолданылуын талдай отырып, оның семантикалық мазмұны мен ұлттық
--	--	--------------------	---

		дүниетанымдағы символдық, мәдени-танымдық қырларын айқындау; - «Көк» сөзінің мифоллингвистикалық табиғатын зерттеп, оның көне дәуірлерден бері қалыптасқан символдық, мифологиялық және мәдени рөлін айқындау; - Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердегі «көк» түсінің мағыналық рөлін зерттеу арқылы оның мазмұнындағы концептілік өрісті анықтау. Ізденіс барысында диссертант қойылған мақсат міндеттерге толық қол жеткізген.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толықтай өзара байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық тараулары мен тараушалары логикалық түрде толық байланысқан. Диссертацияның бірінші тарауы қазақ лингвистігіндегі түр-түс атауларының концепттік дамуын талдап, «көк» лексемасының семантикалық трансформациясы, ассоциациялық өрісі және геосимволикалық тарихи-мәдени мәні мәселелерін жан-жақты сипаттайды. Бұл тарауда «көк» концептісінің тарихи тамыры, оның лингвомәдени кеңістіктегі рөлі, поэтикалық дискурс пен ономастикалық жүйедегі көріністері қарастырылады, сондай-ақ зерттеу объектісінің ішкі бірлігі мен концепттік байланысы тұжырымдалған. Қазақ тіліндегі «көк» лексемасының семантикалық трансформациясы және ассоциациялық өрісін анықтау мақсатында ассоциативтік эксперимент жасалынған. Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауында түр-түс атауларының концептілік сипаты, мағыналық өзгерістері және геосимволикалық мазмұны жан-жақты қарастырылады. Түр-түс атаулары тек лексикалық бірлік емес, тарихи-мәдени жадының, кеңістік бағдарлаудың және ұлттық болмыстың

		көрінісі екені дәлелденеді. Қолданылған әдістер зерттеу нысанын сан алуан тұрғыдан ашуға мүмкіндік беріп, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын ғылыми негізде талдауға жол ашады. Диссертацияның екінші тарауы «көк» концептісінің тарихи, семантикалық, лингвомәдени, поэтикалық және ономастикалық қырлары кешенді түрде қарастырылып, оның қазақ дүниетанымындағы орны жан-жақты ашылды. «Көк» лексемасының шығу төркіні көне түркілік әлеміндегі моделі анайқындалды. Зерттеу барысында жасалынған этимологиялық және тарихи-салыстырмалы талдаулар бұл сөздің мағыналық өзегінің ғасырлар бойы өзгеріссіз сақталғанын, ал семантикалық өрісінің ұлттық мәдени контексте кеңейе түскенін дәлелдейді. Бұл тарауда «көк» концептісінің тарихи тамыры мен этимологиялық дереккөздері, оның қазақ лингвомәдениетіндегі семантикалық өрісі, сондай-ақ поэтикалық дискурс контекстіндегі репрезентациясы жан-жақты зерттеледі. Поэтикалық дискурста «көк» бейнесінің эстетикалық және символдық қызметі ерекше. Қазақ ақындары тілінде ол табиғат көріністерімен, рухани күймен, еркіндік идеяларымен, өмір мен өлімнің философиялық мәнімен сабақтасып келетін поэтикалық образ ретінде көрінеді. Бұл концепт көркем мәтінде эмоционалдық, ассоциативтік және идеялық жүк арқалап, авторлық стиль мен ұлттық поэтикалық дәстүрдің маңызды бөлшегі ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар, тарау ономастикалық кеңістіктегі «көк» түсінің семантикалық және дүниетанымдық ерекшеліктерін айқындауға бағытталған. Осы
--	--	---

		тарауда жасалған талдау «көк» концептісінің лингвомәдени рөлі мен танымдық мәнін көрсетуге, оның семантикалық құрылымы мен мәдени кодтағы орнының ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді. Тараудың қорытындысы концептінің тарихи, семантикалық және мәдени аспектілерінің бір-бірімен сабақтасуын, зерттеу объектісінің тұтастығын және лексеманың қазіргі қазақ тіліндегі функционалдық маңызын дәлелдейді. Қазіргі жаһандану заманында цифрлық технологиялардың дамуы тіл білімі саласының дамуына өзіндік үлес қосуда. Осыған сәйкес «көк» сөзінне қатысты qazcoqora.kz және Sozdikqor.kz платформаларындағы дереккөздер сараланған. Нәтижесінде аталған платформалар аясында «көк» сөзімен, осы сөздің ұйытқы болуымен қалыптасқан фразеологиялық тіркестердің сандық көрестекіші анықталған. Диссертацияның үшінші тарауы ««Көк» концептісінің мағыналық және символдық мәні» деп аталады. Бұл тарауда «көк» сөзінің мифологиялық және таным-сенімдердегі символдық ерекшеліктері, концептінің мағыналық реңктері және ұлттық мәдениеттегі эмоционалдық мазмұны зерттеледі. Сонымен қатар, тарау тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердегі «көк» түсінінің символдық-мағыналық қызметін талдауға бағытталған. Тараудағы талдау «көк» концептісінің ұлттық дүниетанымдағы, мифологиялық және мәдени рөлін айқындауға, оның сөздік-семантикалық құрылымы мен символдық мәнін кешенді түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Қорытындысында бұл тарау концептінің семантикалық, мәдени
--	--	--

		және символдық аспектілерінің өзара байланысын нақтылап, диссертацияның ғылыми тұтастығын қамтамасыз етеді.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертант өзі қарастырып отырған тілдік материалдардың әрқайсысына сыни көзқарас тұрғысынан талдау жасайды. Зерттеудің тақырыбы бойынша ұсынылған диссертанттың қорытындылары мен шешімдері нақты дәлелдермен тиянақталған, бұған дейінгі пікір-шешімдермен салыстырылып отырады.
5. Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары тың тұжырымдар ретінде қарастырылуға лайық. Ізденуші зерттеу жұмысының алдына қойған мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру барысында төмендегідей жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізді. Жұмыстың нәтижелері қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени сипатын кешенді түрде ашып, жалпы әлемдік лингвистика тарихына, түркітану ғылымының рухани және мәдени қажеттіліктеріне елеулі үлес қоса алады. Зерттеу құндылығы ретінде «көк» лексемасының диахроникалық дамуы, семантикалық өрісі, поэтикалық дискурс пен ономастикалық кеңістіктегі көріністері нақты дәлелдер

		арқылы айқындалып, оның қазақ тіліндегі лингвомәдени контекстте функциясы толық сипатталған. Сонымен қатар, зерттеуде «көк» концептісінің тарихи тамыры, символдық және мифологиялық мәні, ұлттық мәдениеттегі эмоционалдық ренктері алғаш рет ғылыми тұрғыда жүйеленген. Осылайша, зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа деп тануға және қазақ тіл білімінде, сондай-ақ түркітану саласында жаңа зерттеу бағыттарын дамытуға негіз бола алады. Зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттарын толығымен жаңа деп тануға болады.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Себебі зерттеуші жұмыстың мақсатына жетуде, міндеттерді шешуде өзіндік жаңа тұжырымдар ұсынған. Әсіресе, заманауи әдіс тәсілдерге сүйеніп, жазба ескерткіш лексикасының қазақ тілімен сабақтастығын талдай келе тың қорытындылар жасаған.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Техникалық және басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияның әрбір бөлімдерінен кейін қысқаша тұжырымдар, соңында жұмыстың толық мазмұнын қамтитын, зерттеу нәтижелеріне негізделген көлемді қорытынды берілген. Алынған барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ;	1-қағидат. «Көк» концептісі – қазақ халқының дүниетанымы мен мәдени кодын айқындайтын ұлттық-символдық мәні терең мәдени-тілдік феномен. Оның семантикалық құрылымында аспан, тәңір, руханият, кеңістік, тазалық, жаңару, табиғат сияқты көпқабатты мағыналар тоғысқан. «Көк» концептісі тарихи-мифологиялық жүйемен, түркілік космогониямен, көк Тәңірі культімен, сондай-ақ қазақтың өмір салты мен этнографиялық ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Лингвомәдени талдау нәтижесінде концептінің тілдік көрінісі фразеологизмдер, тұрақты тіркестер, мифологемалар, этнографиялық атаулар және символдық бірліктер арқылы жүзеге асатыны дәлелденді. 7.1 Қағидат дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2). 7.3 Ия, жаңа (1). 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген(1). 2-қағидат. «Көк» концептісінің тілдік табиғаты тарихи, этимологиялық, концептілік, лексикалық, семантикалық,

	3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	дискурстық, семиотикалық, этнолингвистикалық, мифолингвистикалық, мәтіндік-корпустық, тарихи-семантикалық, тарихи-салыстырмалы, лингвомәдени және когнитивтік әдістер арқылы жан-жақты талданды. Талдау нәтижелері «көк» концептісінің ежелгі түркі дәуірінен бүгінгі қазақ тіліне дейін үздіксіз сабақтастықта дамығанын көрсетті. Қазіргі қазақ тіліндегі «көк» концептісі өзінің мәдени-танымдық өзегін сақтай отырып, концептілік өрісін кеңейткен, мәндік қабаты бай тілдік-мәдени бірлік екендігі айқындалды. Жинақталған лингводеректер «көк» концептісінің қазақ халқы мен жалпы түркі әлемі үшін маңызы зор тұрақты мәдени код екенін дәлелдейді. 7.1 Қағидат дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2). 7.3 Ия, жаңа(1). 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген(1). 3-қағидат. «Көк» концептісінің мәдени-танымдық қырлары қазақ халқының рухани әлемінде ерекше орын алады. Концептінің мәндік өзегінде аспан кеңістігі, тәңірлік түсінік, киелілік, биіктік, еркіндік және өмірдің жаңару идеялары тоғысады. Тарихи-этномәдени деректер «көк» ұғымының қазақ дүниетанымында тек табиғи түс атауы ғана емес, сонымен бірге жаратылыс бастауы, әлемдік тепе-теңдік пен тылсым күштің символы болғанын көрсетеді. «Көк» концептісі қазақ тіл білімінде бұрын түрлі деңгейде зерттелгенімен, оны тарихи-лингвистикалық, этномәдениеттанымдық, когнитивтік, мифолингвистикалық,
--	---	--

		семиотикалық және мәтіндік-корпустық әдістерді біріктіре отырып кешенді түрде талдау – қазіргі зерттеулер контексінде жаңашыл бағыт болып табылады. Концептілік өрісінің толық моделін жасау және тіл-мәдениет-дүниетаным үштігі негізінде сипаттау зерттеудің жаңалығын дәлелдейді. 7.1 Қағидат дәлелденген (1). 7.2 тривиалды емес (2). 7.3 жаңа (1). 7.4 қолдану деңгейі кең (3). 7.5 дәлелденген (1). 4-қағидат. «Көк» концептісінің қолдану деңгейі кең, көпқабатты әрі түрлі мәдени-тілдік салаларды қамтиды. Бұл концепт тек түс атауы ретінде ғана емес, қазақ халқының дүниетанымдық моделін, рухани-символдық жүйесін, тарихи-мифологиялық жадын және мәдени семиотикасын анықтайтын әмбебап бірлік ретінде қызмет атқарады. Оның тілдік деңгейдегі көріністері тұрақты тіркестерде, мақал-мәтелдерде және лексикалық-символдық бірліктерде жүйелі түрде байқалады. Когнитивтік және лингвомәдени талдаулар «көк» концептісі қазақтың мәдени жадында қалыптасқан кең өрісті когнитивтік құрылым екенін дәлелдейді. Осыған байланысты оның қолданылу аясы тілтанымдық, этнолингвистикалық, мәдениеттанымдық, мифологиялық, дискурстық және семиотикалық зерттеулерде бірдей маңызға ие. Осының барлығы «көк» концептісінің қолдану деңгейі ұлттық дүниетаным мен мәдени кодты бейнелейтін кең ауқымды феномен екенін көрсетеді.
--	--	--

		7.1 Қағидат дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2). 7.3 Жаңа (1). 7.4 Қолдану деңгейі кең (3). 7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1). 5-қағидат. Диссертациялық жұмыстағы талдаулар ұлттық мәдениет, тарихи дәстүр және тілдік сана арасындағы байланыстарды ғылыми дәлелдермен көрсетеді. Сонымен қатар, «көк» концептісін лингвомәдени, когнитивтік және символдық аспектілерде жүйелі зерттеу қазақ тілінің тарихи даму жолдарын, ұлттық дүниетанымды және қазіргі тілдік практиканы түсінуге мүмкіндік береді. 7.1.Қағидат дәлелденген (1). 7.2.Тривиалды емес (2). 7.3.Жаңа(1). 7.4.Қолдану деңгейі кең (3). 7.5.Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1). 6-қағидат. Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени және символикалық мағынасы жан-жақты зерттеліп, оның ұлттық дүниетаным мен этномәдени кодты қалыптастырудағы рөлі анықталған. Сонымен қатар көне түркілік танымнан бастау алатын «көк» лексемасының тарихи даму жолындағы концептілік өрісі айқындалған. «Көк» концептісінің этномәдени ерекшеліктері мен танымдық қолданысы (мифтер, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер және топонимикалық атаулар) жан-жақты талданып, оның халықтың мәдениеті мен рухани дүниесімен тығыз байланысы ашылған. «Көк»
--	--	--

			ұғымының әдеби дискурс контекстіндегі репрезентациясы анықталған. 7.1. Қағидат дәлелденген (1). 7.2. Тривиалды емес (2). 7.3. Жаңа(1). 7.4. Қолдану деңгейі кең (3). 7.5. Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).
8.	Дәйектілік принципі мен Дереккөздер ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Иә. Әдістеменің тандауы: негізделген. Диссертациялық жұмыстың мақсат-міндеттеріне сәйкес жалпы қазіргі тіл білімі ғылымдарында қалыптасқан негізгі ұстанымдар мен лексикалық-семантикалық, уәждемелік дамудың мәдени тарихи үрдісін айқындайтын ғылыми әдістер мен тәсілдер пайдаланылған. Атап айтсақ, зерттеу барысында теориялық талдау, жинақтау, этимологиялық, когнитивтік, концептілік талдау, лексикалық және семантикалық талдау, дискурстық және семиотикалық талдау, этнолингвистикалық, мифоллингвистикалық талдау, мәтіндік-корпустық, тарихи-семантикалық, тарихи-салыстырмалы, лингвомәдениеттанымдық, мәтіндік секілді зерттеу әдістері жан-жақты қолданылған. Сонымен қатар, зерттеу жұмысы барысында «qazcorpus.kz» және «sozdikqor.kz/» дерекқорларымен жүйелі жұмыс жүргізілген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану негізінде алынған. Жалпы ғылыми-теориялық әдістер, арнайы лингвистикалық әдістер,	Иә. Зерттеу нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану негізінде алынған. Жалпы ғылыми-теориялық әдістер, арнайы лингвистикалық әдістер,

	және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	лингвомәдени және этимологиялық талдау әдістері орынды қолданылған.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Иә. Диссертациялық зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар және ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікіріне сүйене отырып дәлелденген және расталған.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстағы маңызды тілдік, мәдени деректер, теориялық тұжырымдар, жіктемелер және т.б. сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы расталған.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу нысанына қатысты ғылыми шолу жасауға, сараптауға жеткілікті.

9	Практикалық құндылық принцип	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Иә. Диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізілген тұжырымдар тіл білімі, қазақ тілі тарихи лексикологиясы, лексикология, когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану және концептология салаларының теориялық-әдіснамалық негіздеріне үлес қоса алады. Жұмыстың практикалық маңызы тіл мен мәдениеттің арақатынасына арналған зерттеулерге, ұлттық идеология мен рухани жаңғыру үдерістеріне, тілдік сананы зерделеуге бағытталған ғылыми бағдарламаларға негіз болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Иә. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелері жалпы әлемдік лингвистика тарихына, этнолингвистика, этимология, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика сияқты ғылым салаларына дереккөз бола алады. Оқу-әдістемелік деректерін толықтыруда, ғылыми еңбектерді жазу барысында пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеудің практикалық талдаулары, ұсыныстары толығымен жаңа.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен;	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен ресімделуі талапқа сай. Жұмыс ғылыми стильде жазылған.

		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		1. Зерттеу жұмысының өн бойында кейбір пунктуациялық және орфографиялық қателер кездеседі. (29, 55, 108 бб.). 2. Қолжазба мен әдебиеттерді рәсімдеу, сілтемелерді белгілеу барысында кейбір техникалық қателіктер ұшырасады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі өте жоғары, мәселен, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – БҒСҚК) ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынған журналдардағы мақалалары: Скопус мәліметтер базасындағы мақалалар: 1. Zhansaya Pansat, Nurila Khalikova. Semantic Features of Color in Emotional, Expressive Words: The Concept of “Blue” in the Kazakh Language. International Journal of Society, Culture and Language, Volume 11, 2, July 2023, P. 85-93. ISSN 2329-2210. https://doi.org/10.22034/ijsci.2023.556420.2676 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – БҒСҚК) ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынған журналдарда жарық көрген мақалалар: 2. Пансат Ж.М., Мамаева Г.Б., Алкая Е. «Көк Тәңірі», «көк бөрі», «көк түрік» сөздерінің мифологиялық сипаты // Turkic Studies Journal. – 2023. – Т. 5. – №3. – Б. 146–160. – ISSN 2664-5157 (print), 2708-7360 (online). DOI: http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-3-146-160

		3. Пансат Ж.М., Исаева Ж.И., Мамаева Г.Б. «Көк» концептісінің эмоционалды концептілерді жасаудағы когнитивті семантикасы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №3 (129). – Б. 135–146. ISSN: 2306-7365 (p), 2664-0686 (e). DOI: https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.10 4. Пансат Ж.М., Халикова Н.С. Қазақ тіліндегі көк концептісінің лингвомәдени сипаты // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. №3 (144)/2023, 34-45 б. ISSN: 2616-678X, 2663-1288 (e). DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-144-3-34-45 5. Alkaya E., Pansat Zh.M. Etymological basis of the word kök in kazakh language // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы, №2 (84), 2023 ж., 5-12 б. ISSN: 2959-5657 Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда: 1. Пансат Ж.М. Космогониялық мифтердегі көк лексемасының мәні // Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2021. «Ы. Алтынсарин және қазақ ағартушылығы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – Б. 143–147. – ISBN 978-601-337-646 2. Pansat Zh.M., Mamayeva G.B., Alkaya E. Cognitive meaning of the word «kök» in the culture of the Kazakh people // Philological Sciences Journal, 2023, Vol.1, N.1, P. 40-55. ISSN: 2959-3212 (p) 3. Алкая Е., Пансат Ж.М. Қазақ тіліндегі көк концептісінің танымдық мәні // «Атынан айналайын, Қарқаралы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
--	--	--

